

№ 2 дәріс. Әлемдік (халықаралық) саясат.

Дәріс жоспары:

1. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар ұғымы
2. Дүниежүзілік қауымдастықтың жаһандық мәселелері
3. Қазақстанның сыртқы саяси бағдарлары

Дәріс мақсаты: Әлемдік саясат, қазіргі халықаралық қатынастар мен халықаралық саясат ерекшелігімен таныстыру. Қазақстанның сыртқы саясаты қалыптасу кезеңіне, дүниежүзілік қауымдастықтың жаһандық мәселелеріне шолу жасау.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мазмұны: 1. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар ұғымы.

Әлемдік саяси процестердің жиынтығы ретіндегі барлық жер шары адамзаттық дамуының қазіргі замандағы жағдайында халықаралық қатынастар саясаттануы бірінші кезекке келесі мәселелерді шығарады:

- а) халықаралық қатынастар жүйесі және оның генезисі ұғымдары;
- ә) дүниежүзілік саясат пен халықаралық құқықты қалыптастырудағы кластық және ұлттық қызығушылықтардың рөлі;
- б) дүниежүзілік әлеуметтік прогрес;
- в) қазіргі замандағы жаһандық мәселелер және оларды шешу жолдары;
- г) халықаралық қатынастарды демократияландыру.

Халықаралық қатынастар халықтар, мемлекеттер және мемлекеттер жүйесі арасындағы байланыстар мен өзара байланыстар жиынтығымен сипатталады.

Халықаралық қатынастар дегеніміз дүниежүзілік қоғамның барлық негізгі субъектілері арасындағы саяси, шаруашылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, қаржылық-валюталық, әлеуметтік, дипломатиялық, құқықтық, гуманитарлық және коммуникациялық байланыстар мен қарым-қатынастардың жүйелік жиынтығы.

Халықаралық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде мемлекет пен халықаралық ұйымдар көрінеді. Олардың басты айырмашылығы болып егемендік (мемлекет) және егемендіктің болмауы (халықаралық ұйымдар, қозғалыстар және т.б.) табылады. Мемлекеттер егеменді субъектілер ретінде халықаралық өмірге ықпал етудің егізгі құралдарын өз қолына жинақтаған алпауыт және ұйымдасқан болып келеді. Мемлекеттер ұйымдасқан түрде әлемдік саяси процесс шеңберіндегі халықтар мен ұлттардың қызығушылықтарын білдіретін әлеуметтік институт болып табылады.

Саяси ғылымда «халықаралық қатынастар», «сыртқы саясат», «дүниежүзілік саясат» ұғымдары қолданылады.

Сыртқы саясат жекелеген мемлекеттердің халықаралық аренадағы іс-әрекеттері ретінде қарастырылады, ал халықаралық қатынастар барлық сыртқы саясаттардың белгілі бір жиынтығы ретінде болады. Солары әрбір мемлекеттің салымы, қосқан үлесі тек бір ғана оның сыртқы саяси жағдайларына ғана емес, басқа мемлекеттердің өзара әрекеттері мен қарама-қарсы әрекеттерінің нәтижелеріне тәуелді болатын жүйені түзеді. Әр мемлекет сол немесе басқа да

сыртқы саясатты жүргізеді, дегенмен олардың барлығы дерлік халықаралық қатынастар сипатына ықпал ете алмайды. Ол дәрежесі жаңа жағдайлардың шарттардың пайда болуына байланысты өзгере алатын түрлі факторлардың үйлесуіне тәуелді. Халықаралық қатынастар жекелеген мемлекеттердің сыртқы саяси позициялары мен әрекеттерінің, олардың қарым-қатынастары мен мәселелерінің қарапайым жинағы емес, белгілі бір объективті және субъективті факторлармен бөлінген динамикалық дамушы жүйесі.

Халықаралық қатынастар мен мемлекеттің ішкі саясаты өзара ықпалдастықта болады. Бір жағынан халықаралық қатынастар көбінесе сол немесе басқа тарихи кезеңдегі жетекші державалардың ішкі саясатын көрсетеді, ал басқа жағынан - кез келген мемлекет өзара қатынастың қалыптасып қалған әлемдік болмыстарды, халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін, «әлемдік саяси ойынның ережелерін» ескеруге мәжбүр. Сөз сыртқы факторлардың кез келген елдің ішіндегі қатынастарға артып отырған ықпалында болып отыр. Бұл экологиялық және шикізат мәселесінің ушығуынан, әлеуметтік теңдіктің бұзылуынан, әлемнің түрлі аймағындағы салмақты қақтығыстардан, дүниежүзілік қауымдастықтың әлсіз дамыған елдердің кедейшілік жағдайларына жауаптылығының артуынан, ең бастысы мемлекеттердің (дүниежүзілік қауымдастыққа мүше) өзара тәуелділігінің артуынан туындап отыр.

Қазіргі кездегі халықаралық қатынастар сипаттамасынан нені ескеруіміз қажет?

Біріншіден, XX ғасырдың 90-шы жылдары түбегейлі өзгерістер орын алды: КСРО-ның, социализмнің әлемдік жүйесінің ыдырауы, Варшавалық Келісім мен Экономикалық Өзара Көмек Кеңесінің тарауы, «суық соғыстың» аяқталуы, посткеңестік кеңістікте жаңа жас ұлттық мемлекеттердің пайда болуы және т.б.

Екіншіден, НАТО-ның Шығысқа ықпалының кеңею процесі жүріп жатыр.

Үшіншіден, Ресей мен Чечня арасындағы қақтығыс.

Төртіншіден, адамзатты күтіп тұрған жаһандық мәселелер.

Осы шешімнің дұрыс жолдарын талап ететін, аталған мәселелер мен міндеттердің тізімі заманауи халықаралық қатынастар тәжірибесінде түрлі векторларға ие белгілі бір заңдылықтардың бар екендігін көрсетеді. Ғалымдар ұлттық қауымдастықтар дүниежүзілік аренада өздерін тең құқылы субъект ретінде білдіріп жатқанда, халықаралық қатынастарға қатысушылардың мемлекеттілігі мен егемендігін неғұрлым тарату тенденциясын баса айтуда. Бір уақытта халықаралық қатынастардың қатысушыларының артып келе жатқан санын интеграциялауды, кең саяси, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың институционалдық формаларын күшейтуді нығайту тенденциясы әрекет етеді. Халықаралық қатынастар бүгінгі күні жаңа қауымдастықтың қалыптасу процесі диалектикалық тұрғыда өзара қызығушылықтар сияқты, түрлі мемлекеттердің қарсы күресі мен бәсекелестігін де ескеру негізінде ынтымақтастықтың кеңеюін біріктірген кездегі өтпелі жағдай тұрғысынан сипатталады.

Осылайша, халықаралық қатынастар ішкі және сыртқы саясат принциптері жүзеге асатын, мемлекеттер арасындағы, мемлекеттік ұйымдар

арасындағы, партиялар, түрлі мемлекеттердің жекелеген тұлғалары арасындағы интеграциялық байланыстардың жиынтығы ретіндегі орта болып саналады.

Халықаралық (әлемдік) саясат дегеніміз соғыс пен бейбітшілік, ортақ қауіпсіздік, жаһандық, аймақтық және ұлттық қақтығыстарды реттеу, қоршаған ортаны қорғау, бүкіл адамзаттық тірі қалуы, артта қалушылық пен кедейшілікті, аштық пен ауруды жеңу, әлемде әділетті тәртіпті орнату сияқты мәселелерді шешуге және адамдардың қызығушылықтарына байланысты халықаралық құқық субъектілерінің мақсатқа бағытталған саяси іс-әрекеттерін білдіреді.

Саясаттың халықаралық қатынастардағы жетекші ролі мыналарға шартты негізделген:

а) дүниежүзілік саясат субъектілері барлық қоршаған әлемге ықпал ете алатын керемет мүмкіндіктер мен қорларға ие, олар саяси тәрізді, саяси емес те халықаралық процестерді басқарудың күшті тетігіне ие;

б) халықаралық қатынастар жаһанданудың нақты көрінетін тенденциясына ие, ол реттеуші халықаралық саяси механизмдерді жетілдіруді талап етеді.

в) заманауи ядролық кезең адамзаттың қауіпсіздік және өмір сүру проблемаларын ерекше орынға қояды, ол әлемдік саясаттың басты бағытын анықтайды;

г) заманауи әлем бір уақытта қарама-қайшы және бірлікте, өзара байланысты және өзара тәуелді.

б) дамушы елдерде (Азия, Африка, Латын Америкасы) қарама қарсы процесс байқалады - демографиялық жарылыс, ол бір жағынан, жұмыс күшін, еңбек ресурсының артуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, экономикалық артта қалушылықты жеңу үшін күрестегі қосымша қиындықтарды тудырады, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуді қиындатады (жұмыссыздық, зейнеткерлікпен қамтау, сауатсыздық және т.б.). Мазалайтын басты мәселе демографиялық жарылыс емес, дамушы елдерде сақталып қалған қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, артта қалушылықты жеңбей жатып, халық санының артуы оларды одан да үлкен қайыршылыққа, кедейліктің артуына әкеледі.

2. Дүниежүзілік қауымдастықтың жаһандық мәселелері.

XX ғасырдың 60-шы жылдарында ғылымда глобалистика деген бағыт пайда болды.

Әдебиетте жаһандық мәселелердің бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетеді:

а) халықаралық әлеуметтік-саяси мәселелер ядролық соғыстардың алдын алу, қарулы күштер жарысының деңгейін төмендету, аймақтық, мемлекетаралық шиеленістерді реттеу, барлығына ортақ қауіпсіздік жүйесін нығайту негізінде зорлық - зомбылықсыз әлемді қалыптастыру;

б) халықаралық әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалар: дамушы елдердің артта қалуын жеңу (аштық, қайыршылық, сауатсыздық), энергетикалық, шикізаттық, азық-түліктік дағдарыстарды шешу, демографиялық жағдайларды оптимизациялау, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, космос пен Әлемдік мұхитты бейбіт мақсатта игеру;

в) адамның мәселелері: негізгі құқықтар мен еріктерді сақтау, адамзаттың тіршілік етуінің қажетті жағдайларын қамтамасыз ету, қоғамдық қатынастарды демократияландыру, адамның саясат пен халықаралық қатынастардан шеттетілуінен арылу.

Өзіндік сипаты бойынша жаһандық мәселелер әр түрлі, дегенмен олардың бәрі адамзаттың географиялық бірлігі мен тіршілік етуі қағидасына тәуелді.

Қазіргі кездегі жаһандық мәселелердің пайда болу себептері қандай? Оларды азайту факторлары қандай?

Біріншіден, ол әлемде орын алған ғылыми-техникалық төңкеріс.

Екіншіден, ғылыми-техникалық төңкеріс елдердің индустриялық дамуын тездеткен ірі әлеуметтік өзгерістермен, қоғамдық прогреспен сәйкес келді.

Үшіншіден, қоғамдық дамуды, бәрінен бұрын энергияның, электрдің, атом энергиясының жаңа түрлерін, космосты, Әлемдік мұхиттың құпияларын және оның байлықтарын қолдануды игеруге әкелетін өндірістік күштерді дамытуды жеделдету.

Жаһандық мәселелерге мыналар жатады:

1. Бейбітшілік және қарусыздандыру, жаңа дүниежүзілік соғыстың алдын алу проблемасы.

2. Демографиялық мәселе. БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай 10 млрд. жетеді.

Демографиялық мәселе екі қарама-қарсы аспект ретінде көрінеді:

а) бірқатар дамыған елдерде демографиялық дағдарыс байқалады, ол халықтың санының азаюына әкелуде. Демограф ғалымдардың пікірінше, бұл процесс депопуляция деп аталады;

Азық-түлік мәселесі. Азық-түлік мәселесінің мәні тамақ өнімдерін өндірудің жеткіліксіздігінде емес, азық-түлік өндірісінің географиясы мен оларды тұтыну географиясының сәйкес келмеуінде Энергетикалық және шикізат мәселесі.

Ол жер шарындағы маңызды органикалық және минералды-шикізаттық ресурстардың шектелуімен байланысты. Соңғы кездері ғалымдар дүниежүзілік қауымдастықты қолданыста белгілі және қолжетімді мұнай мен газ қорының таусылу мүмкіндігі жайлы, сонымен бірге басқа да жер ресурстарының - темір және мыс рудаларының, никельдің, марганецтің, алюминийдің, хромның және т.б. азайып бара жатқандығы жөнінде жиі ескертеді. Әлемде шикізаттың шығатын жерінің өнімділігі төмен немесе күрделі табиғи жағдайда қиын жерлерден алуға өтудің тенденциясы байқалады, ол шикізатты қатты қымбаттатады. Мұның барлығы қорды жинақтау саясатын дайындау мен екінші қосымша шикізатты қолданудың қажеттілігіне әкеледі.

Дүниежүзілік мұхит мәселесі. Бұл Мұхиттың қатерлі ластану, оның

биологиялық өнімділігінің төмендеуі, бай минералды және энергетикалық ресурстарды игеру, ресурстарды әділ бөлу, тарату мәселелері.

Дүниежүзілік қауымдастықтың жаһандық мәселелерін шешу халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Жаһандық мәселелерді шешу бойынша іс-әрекеттер ұлттық қызығушылықтарды әлемдікпен «қанаттастыруға» тура келіп отырған кезде, дүниежүзілік саясаттың барлық субъектілері арасындағы өзара әрекет пен күрестің қиын жағдайларында жүзеге асырылып жатыр. Осыған орай жаһандық сипаттағы түрлі мәселелерді шешу жолында нәтиженің түрлі деңгейіне қол жетті. Жетістіктің біразы дүниежүзілік соғыс қаупін төмендету мәселесін шешудегі қол жеткізгендері, себебі мұнда барлық мемлекеттердің базалық ұлттық қызығушылықтары сәйкес келеді. Өз кезегінде ғаламшардағы бейбітшілікті нығайту басқа жаһандық мәселелерді шешуге атсалысады.

3. Қазақстанның сыртқы саяси бағдарлары. Әлемдік тәртіпті

қалыптастырудың геосаяси үлгілері туралы. ХХІ ғасырда әлем қандай болмақ?

АҚШ президенті Б. Клинтон, АҚШ Конгресінде сөйлеген сөзінде ХХІ ғасыр - ол Американың ғасыры екендігін айтқан.

ГФР экс-канцлері Г. Коль ХХІ ғасырда дүниежүзілік қауымдастықтың дамуын үш орталық - АҚШ, Германия мен Жапония басшылығымен Біріккен Европа - анықтайтын болады деп айтқан болатын.

Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Накасонэ әлемдік дамуды тоғыз орталық, яғни капитализмнің жеті дамыған елдері, Ресей және Қытай анықтайды деп жазды.

Кейбір саясаттанушылардың ойынша, ХХІ ғасыр екі ірі держава - АҚШ пен Қытайдың бір-біріне қарсы күрес ғасыры болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев бейбітшілікке, қоғамдық өмірдің барлық аумақтарындағы ынтымақтастыққа негізделетін полицентризмді қолдап, өз пікірін білдірді.

Бұлар мемлекеттердің жетекшілерінің, саясат қайраткерлерінің болжамдары. Халықаралық қатынастар саласындағы мамандар да өз болжамдарын білдірді, олардың болжамдары жоғарыда айтылғандардан қаншалықты айырмашылықтары бар екен?

Дүниежүзілік тәртіпті қалыптастырудың бірінші үлгісі - әлем бірполюсті-авторитарлы үлгі ретінде болады, онда АҚШ өзіндік ұлттық қызығушылықтары мен өзіндік дүниетанымын негізге ала отырып, өз еркімен және мәжбүрлі түрде «дүниежүзінің құрылысымен» шұғылдана бастайды.

Екінші үлгі - биполярлы коллизиялық, онда АҚШ пен Қытай жетекші рөлді атқарады.

Үшіншісі - көпполюсті әлем - түрлі елдердің, ең алдымен саяси ықпалды және мықты орталықтардың қызығушылықтарын есепке алатын тенденциямен байланысты конфронтациялық емес демократиялық жүйе.

Қазіргі кезде неғұрлым ықтимал және перспективті болып көпжүздік әлемнің үшінші үлгісі көрінеді, оның жүзеге асуы дүниежүзілік геосаяси дамудың алғашқы екі нұсқасының ықпалымен жүретіні түсінікті.

Дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстан қандай орынды иеленеді, біздің еліміздің сыртқы саясатының мақсаттары мен принциптері қандай?

1991 жылы Қазақстан халықаралық қатынастардың егеменді, жеке дара субъектісі ретінде көрінді. Дегенмен тәуелсіздікті жариялау мен егемендікке қол жеткізу көптеген мәселелерді шешуді білдірді. Қазақстан дүниежүзілік саясаттың эпицентрінде тұрды, сондықтан оған ерекше назар аударылды. Осының барлығының негізі болды, бәрінен бұрын, үлкен территория, керемет табиғи байлықтар, халықтың полиэтникалық құрамы, бұрынғы КСРО-ның ядролық потенциалының қомақты үлесі.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін 120-дан аса мемлекеттер мойындап отыр, олардың көбісімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылған, 50-ден аса шетелдік елшіліктер, 20-дан аса халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері қызмет етеді, Республика БҰҰ мүше болды.

Қазақстанның сыртқы саяси бағыты беделді халықаралық ұйымдар мен форумдардың бірқатар құжаттарында, жекелеп алғанда, БҰҰ Жарғысында, 1970 жылғы халықаралық құқық принциптері туралы декларацияда, 1975 жылғы Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Жиналыстың қорытынды актісінде бекітілген халықаралық қатынастардың негізгі принциптерін сақтауға бағдарланған.

Құжаттарды талдау халықаралық актілерде мәселе он қағида туралы екендігін дәлелдейді:

Егеменді теңдік қағидасы:

1. Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасы.
2. Халықаралық ынтымақтастық қағидасы.
3. Халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы.
4. Күш қолданбау және қоқан-лоқы көрсетпеу қағидасы.
5. Шекаралардың бұзылмауы қағидасы.
6. Мемлекеттердің территориялық бүтіндігі қағидасы.
7. Халықаралық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу қағидасы.
8. Ұлттар мен халықтардың өзін-өзі анықтауы қағидасы.
9. Адам құқығы мен басты еркіндіктерін құрметтеу қағидасы.

Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттары Н. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде анықталған: «ТМД», «АТР» (Азия үштігі), «Азиаттық», «Европалық», «Американдық». Қазақстанның сыртқы саяси бағыты кез келген басқа мемлекеттердегідей, ұлттық қызығушылықтарға негізделеді. Геосаяси жағдайға, экономикаға, әскери потенциалға, этносаяси құрамға орай, біздің еліміз дүниежүзілік дипломатияда қабылданған саяси құралдарға сүйенеді.

Осы орайда стратегиялық бағыт болып территориялық жағынан жақын «көршіміз» Ресеймен өзара қарым-қатынасымыз табылады, бұл мемлекетпен қызығушылықтарымыз да көп жағынан сәйкес келеді және қарым-қатынасымыз

екі елдің даму тарихы кезінен қалыптасқан. Теңқұқылы және сенімді қарым-қатынастарды дамыту мен нығайту Қазақстанның тәуелсіздігі мен территориялық бүтіндігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Қазақстан орта-азиялық мемлекеттермен интеграциялық процестерді белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Жанар-жағар май-энергетикалық кешенге бірігу аймақтағы барлық мемлекеттерді жанар-жағар майдың барлық түрлерімен толық қамтамасыз етуге жағдай жасайды, сонымен қатар табиғи шикізат пен біріккен инвестиция негізінде еркін бәсекелі өнімді өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, сенімді экспорттық және жинақталған өндірістік потенциал пайда болады.

«АТР» (Азия үштігі) бағыты - ол Пекин - Сеул - Токио Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне шығу. Оның маңыздылығы ол алғы шептегі технология елдері екендігімен анықталады, олар ірі көлемді инвестиция мүмкіндігімен несие көздерін білдіреді. Осы аймақ болашақта біздің өнімнің және Қазақстандағы бірқатар жобаларды жүзеге асыру үшін жұмысшы күштерді тартудың өткізу нарығы болуы мүмкін.

«Азиялық» бағыт Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пакистанмен және Азияның басқа да мемлекеттерімен ынтымақтастықты көздейді. Азиялық саясатта басым орынды қауіпсіздік мәселесі иеленеді. Осыған байланысты Қазақстанның Азиядағы сенім шегі мен өзара әрекет мәселесі бойынша Кеңесуге шақыру туралы инициативасы нақты саяси контурға ие болады және халықаралық өмірдің шынайы факторына айналуға.

«Еуропалық» бағыт стратегиялық болып табылады. Бұл, ең алдымен, Еуропаың әлемдегі ірі саяси, экономикалық және мәдени орталықтарының бірі болып табылатындығымен және Қазақстан Азия мен Еуропаың арасында орналаса отырып, еуропалық мемлекеттерді үміт күттіретін серіктестер ретінде қарастыратындығымен негізделеді. Еуропалық Одақпен ынтымақтастық инфрақұрылымды және мамандарды оқытуды дамыту мақсатында несиелер, техникалық көмек алу мүмкіндігін береді.

«Американдық» бағытты сондай-ақ стратегиялық ретінде де қарастыруға болады. Қазақстан-американдық қатынастар саясат және экономика аумағында серіктестік деңгейіне шықты. Сауда - экономикалық ынтымақтастық саласында бірқатар келісімшарттарға қол қойылды, атап айтсақ, Қазақстан АҚШ саудасында елдің неғұрлым қолайлы жағдай мәртебесіне ие болған сауда келісімі.

Осылайша, Қазақстанның сыртқы саясаты қалыптасу кезеңінен сәтті өтіп, жаңа тарихи жағдайлардағы мемлекеттік саясаттың бөлінбейтін элементі ретінде нық орнықты. Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы орны мен дүниежүзілік саяси процестегі оның рөліне қатысты жоғарыда қойылған сұраққа жауап беретін болсақ, біздің президенттің Қазақстан әлемдегі геосаяси және геоэкономикалық тенденцияларға ықпал ете

алатын, ірі аймақтық держава мәртебесіне таласа алады деген пікірімен келісуге толық негіз бар.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Әлемдік саясат деген не?

1 –деңгейлік сұрақ .Сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар ұғымдарының айырмасы қандай?

2–деңгейлік сұрақ. Сыртқы саясаттың мақсаты не деп ойлайсыз?

2–деңгейлік сұрақ. Ұлттық мүддеге не жатады?

3–деңгейлік сұрақ. Қандай ғаламдық шешілмеген мәселелерді білесіз?

ОБӨЖ тапсырмалары: Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарына шолу жасаңыз.

БӨЖ тапсырмалары: ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастар дамуы қандай болады деп ойлайсыз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю
2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020
3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

WEB сайттар тізімі:

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал. А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.
2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков, Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018
- 3.<http://rmebrk.kz/>Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина, Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019